

«Бекітемін»  
«29» тамыз 2018 жыл  
Пед. кеңестің  
№ 1 хаттамасы бойынша  
бөбекжай балабақшасының  
менгерушісі: *А. Исмаилов* К. Исмаилов



**Ордабасы аудадық білім  
бөліміне қарасты «Балдырған»  
бөбекжай- балабақшасы  
мемлекеттік коммуналдық  
қазыналық кәсіпорнының  
2018-2019 оқу жылына  
арналған жылдық  
жоспары**

## **«Балдырған» бөбекжай-балабақшасының жылдық (өндірістік) жоспарының структуралық моделі:**

### **1. Ұйымдастыру жұмыстары**

- 1.1. Кіріспе (*балабақша жайлы толық мағлұмат берілуі керек*)
- 1.2. Өткен 2017-2018 оқу жылындағы атқарылған жұмыстардың есебі (*атқарылған жұмыстарға толық, жан-жақты талдау жасалуы қажет, проблемалары көрсетілуі керек*).
- 1.3. 2018-2019 жаңа оқу жылының мақсаттары мен міндеттері

### **2. Кадрлармен жұмыс**

- 2.1. Педагог кадрлар жөнінде мәлімет
- 2.2. Педагогикалық кеңес жоспары және ондағы қаралатын мәселелер, ашық ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттері
- 2.3. Жаңа технологияларды ендіру жоспары
- 2.4. Аттестаттау комиссиясының жоспары
- 2.5. Семинарлар, педагогтарға арналған кеңестер
- 2.6. Педагогикалық кадрларды іріктеу шаралары және қызметкерлердің өз білімін көтеруі туралы
- 2.7. Озық іс-тәжірибені үйрену және оны тарату
- 2.8. Әдістемелік кабинеттің жұмыстары туралы
- 2.9. Өндірістік кеңес және ондағы қаралатын мәселелер
- 2.10. Меңгерушісі жанындағы кеңес және ондағы қаралатын мәселелер
- 2.11. Медициналық қызметтің ұйымдастырылуы

### **3. Балалармен жұмыстар**

- 3.1. Ертеңгіліктер, серуендер
- 3.2. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау
- 3.3. Дене шынықтыру және сауықтыру шаралары
- 3.4. Жазғы сауықтыру іс-шараларының жоспары
- 3.5. Жол ережесін балаларға үйретудің іс-жоспары

### **4. Құқықтық тәрбие жұмыстары**

- 4.1. Педагог кадрлардың құқықтық білімін көтеру, нормативтік-құқықтық құжаттарды талдау жұмыстарының іс-шаралары
- 4.2. Балалардың құқығын қорғау жұмыстарының іс-шаралары және ата-аналармен құқықтық жұмыстар

## **5. Бақылау мен басқару**

5.1. Балабақша ішілік оқу-тәрбие жұмыстарына бақылау жасау жоспары

## **6. Ата-аналармен жұмыс**

6.1. Балабақшаның ата-аналармен ынтымақтастықта атқарылатын жұмыстарының жоспары, ашық есік күндерінің ұйымдастырылуы

6.2. Топтық ата-аналармен атқарылатын жұмыстары

## **7. Балабақшаның басқа мекемелермен байланысы**

7.1. Мектептің бастауыш сыныптарымен, аптекамен, мұражаймен және басқа балабақшалармен өзара байланыс жұмыстарының жоспарлары

## **8. Әкімшілік-шаруашылық жұмысы**

8.1. Жылу жүйесі, балабақша ғимаратының жағдайы туралы, балабақша ауласын, аумағын абаттандыру, көгалдандыру жұмыстары, жиһаз, ойыншықтары, кітаптар мен оқулықтар алу жұмыстары, азық-түлікпен қамтамасыз ету мәселелері.

## **I.Кіріспе**

Ордабасы аудандық білім бөліміне қарасты МКҚК «Балдырған» бөбекжай балабақшасы мына мекен-жайы бойынша орналасқан: Бөген ауылы Б.Кенжебаев көшесі №189 үй  
тел: 43-5-27

### **Балабақша паспорты**

«Балдырған» бөбекжай балабақшасы МКҚК

Пошталық индексі 160602

Жоба қуаттылығы 100

Тіл оқыту-қазақ тілі

Білім мекемесінің аттестациядан өткен жылы –Б №876 28.12.2013ж

Ғимарат түрі- 2-қабатты

Жалпы көлемі пайдалы-436,1

Қолдануға берілген жылы - 1968жыл

Құрылыс ауданы - 447,2

Пайдалы алаңы – 277,0

Күрделі жөндеуден өткен жылы -2013жыл

Балабақша мекемесі екі қабатты, онда балалардың ойын бөлмелері, жатын бөлмелері және меңгеруші, медициналық, әдіскер бөлмелері орналасқан. Асхана, кір жуатын орын және басқа да шаруашылық құрылыстар мекемеден бөлек жайда орналасқан. Балабақша 2005 жылы 2 топпен, яғни 60 баламен жұмыс жасаса, 2006 жылдың 1 -қарашасынан бастап 3- топпен жұмыс жасады. Ал, 2011 жылдың қараша айының 1-ші жұлдызынан «Балапан» бағдарламасы бойынша қосымша 3 топ ашылып, 120 баланы құрады. Ал, 2015 жылдың наурызынан бастап, бала саны 60 баланы құрап 3 топпен жұмыс жасаса, 2018 жылдың қаңтарынан бастап тағы бір топ қосылып 90 бала санын құрады. 2018-2019 оқу жылында бала саны 90 баланы құрап 4 топпен жұмыс істеуде.

### **Тәрбиеленушілер контингенті**

2019-2020 оқу жылында тәрбиеленушілер саны 90 баланы құрады.

Балабақшада топтар төмендегідей реттелген:

1. «Ботақан» I-кіші тобы-25 бала
2. «Балбөбек» II-кіші тобы-20 бала
3. «Балауса» ортаңғы тобы-20
4. «Бәйтерек» Ересектер тобы-25 бала

**Оқу-тәрбие үрдісі 2017-2018 оқу жылында 14 педагог-мамандармен қамтамасыз етілген. Онда:**

Меңгеруші-1,  
Әдіскер-1,  
Психолог-1,  
Музыка жетекші-1,  
Ағылшын маманы-1,  
Орыстілі маманы -1  
Тәрбиеші-9

- Жоғарғы педагогикалық біліммен – 13 **Оның ішінде:**
- Жоғарғы мектепке дейінгі біліммен -1
- Орта арнаулы мектепке дейінгі біліммен – 1

**Санаты бойынша:**

- Жоғары санатты – 2 педагог
- Бірінші біліктілік санатты – 6 педагог
- Екінші біліктілік санаты – 3 педагог
- санаты жоқ – 2 педагог
- Лайықты - 1 педагог

**Оқу- әдістемелік жұмыстар**

Оқу-тәрбие жұмыстары жылдық жоспарға сай атқарылып отырды. Жоспар бойынша 5 педагогикалық кеңестің отырысы өткізілді. Педагогикалық кеңесте қаралатын мәселелер толық қаралып, материалдары жинақталып , хаттамаларда көрініс тапты.Өндірістік кеңес 3 рет, меңгеруші жанындағы кеңес 4 рет жоспарға сай өткізілді.Материалдары жинақталып, хаттамалары жазылды.

Оқу-тәрбие қызметтерінде Жүнісбеков пен Зайцевтің баланың жылдам сауатын ашу, санауға үйрету, «Денсаулық сақтау» , «Мнэмо» технологиялар және ТРИЗ технологиясы элементтері, «Луллия шеңбері», «Рорри кубигі»,Воскобович технологиялары, Кюизенер таяқшалары кеңінен қолданылды.

Балабақшаның жылдық жоспары «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті стандартын» басшылыққа алады. Ал, оқу –тәрбие жұмыстары Қазақстан

Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде жүзеге асырылады.

2017-2018 оқу жылының жарты жылдығында 04 қыркүйекте «Менің Отаным -Қазақстан» тақырыбында «Білім күні» және жоспарлы ашық оқу қызметтері ұйымдастырылып өткізілді. Ашық оқу қызметтерінің өтілу барысы педагогикалық кеңесте және әдістемелік кеңесте талқыланды. Л. Рысдәулетке және Қ.Оразбайға келесі оқу қызметінде «Луллия шеңберін», ал Г.Қалаубековаға «Рорри кубигін» оқу қызметіне енгізу туралы ұсыныс берілді. Нәтижесінде ол әдіс-тәсілдер 2017 жылы қарашаның 29 жұлдызындағы **«Балабақшада ақпараттық-коммуникациялық және жаңа технология – жаңа шығармашылық ізденіс арқылы балалардың танымдық, тілдік қабілеттерін арттыру» тақырыбында ұйымдастырылған аудандық практикалық семинарда ашық оқу қызметтерінде қолданылды.**

Семинар бағдарламасына сәйкес, «Бәйтерек» ересектер тобында тәрбиеші Л.Рысдәулет «Таным» білім беру саласы бойынша қарапайым математикадан «Сиқырлы түстер» тақырыбындағы, орыс тілі оқу қызметі мұғалімі Абылова Райхан мен ағылшын тілі оқу қызметінің мұғалімі Исабекова Гүлзира «В мире дружбы и доброты» тақырыбындағы кіріктірілген ашық оқу қызметі өткізсе, «Балауса» ортаңғы тобында «Таным» білім беру саласы бойынша қарапайым математикадан «5 санымен таныстыру» тақырыбында тәрбиеші Қ.Оразбай «Балауса» ортаңғы тобында, тәрбиеші Г.Қалаубекова «Балбөбек» II Кіші тобында «Дос іздеген бота» тақырыбында ашық оқу қызметтерін өткізілді. Сонымен қатар әдіскер Омарова Бибігүлдің ұйымдастыруымен «Мейірімділік-асыл қасиет» тақырыбында тренинг, сазгер Сыздық Нұржанның ұйымдастыруымен концерттік бағдарлама өткізілді. Семинарға 81 адам қатысып, семинар стандарт талабына сай деп табылды. Семинарға аудандық білім бөлімінің әдіскерлері Ш.Пернебай мен Г.Досқара қатысты.

## **Балабақшадағы оқу-тәрбие жұмыстары**

«Денсаулық» білім беру саласы бойынша жыл бойына бағдарламалық талаптар ойдағыдай өз шешімін тапты. Балалардың физикалық денсаулығын ойлауға және тіршілік іс-әрекетінің қауіпсіздік ережесін сақтауға : қозғалыс дағдыларын меңгеріп , түрлі оқиғаларға қатысты өзінің эмоциялық күйін білдіруге, денсаулық сақтау негіздері мен жеке бас тазалық дағдыларын толық меңгеруге мүмкіндік жасалынды . Балаларды өз денсаулығына саналы көзқарасқа тәрбиелеп, денсаулықтың адамға табиғаттың берген басты құндылығы екені түсіндірілді. Ата –аналармен баланың денсаулығын қорғау және дамыту жолында отбасымен байланыс жұмыстары нығайтылды.

«Денсаулық» саласы бойынша дене шынықтырудан «Балауса» ортаңғы тобының тәрбиешісі Қ.Оразбай дене шынықтырудан «Ирелең жолмен кедергілер арасынан жүгіріп өту» тақырыбында, «Балбөбек» II кіші тобында тәрбиеші Г.Қалаубекова «Қысқы орманға саяхат» тақырыбындағы ашық оқу қызметін өткізді. «Балауса» Ікіші тобында Г.Талипова дене шынықтырудан «Орманға қонаққа барамыз» тақырыбындағы ашық оқу қызметін өткізді.

«Коммуникация» білім беру саласы бағдарламасының барлық бөлімдері бойынша ауызша қатынастың алуан түрлі құралдарын мемлекеттік тілде қарым-қатынас өзара іс-әрекет құруда пайдалануды: тілдің қажетті лексикалық және грамматикалық құралдарын талдау және оларды ойындарда , сөздік шығармашылықта және іс-әрекеттің басқа түрінде пайдалану мүмкіндіктері меңгертілді.

«Балбөбек» II Кіші тобының тәрбиешісі Ж.Қайрлыбай көркем әдебиеттен «Ертегілер еліндегі шалқан» тақырыбында, тәрбиеші Л.Рысдәулет Сауат ашу негіздері «С дыбысы мен әрпі» тақырыбындағы ашық оқу қызметіне «Алғыс күнін» қоса отырып өте шеберлікпен өткізді., «Балауса» Ортаңғы тобының тәрбиешісі Г.Талипова Сөйлеуді

дамытудан: тілдің дыбысталу мәдениетін, сөздік қорларын байыту және сөздерді дұрыс «Мамандықтармен танысайық» тақырыбындағы, ағылшын тілі маманы Г.Исабекова «Ойыншықтар» тақырыбында «Бәтерек» ересектер тобында, ал орыс тілі маманы Р.Абылова табиғат құбылыстары туралы түсініктері мен тілдік қорларын байыту мақсатында «Природа весной» тақырыптарындағы ашық ұйымдастырылған оқу іс-әрекетін өткізді. Ашық оқу қызметтерінде ТРИЗ технологиясының элементтері, мнэмокесте, Зайцев-Жүнісбеков кестелері, Луллмя шеңбері, Рорри кубиктері қолданылып, талапқа сай өз дәрежесінде өткізілді.

«Таным» білім саласы бойынша бағдарламалық талаптарға сәйкес балалардың білім дағдыларының деңгейлері салыстырмалы көрсеткіш /индикатор, мониторинг/ бойынша көрсетілген.

Балаларды қоршаған ортаға қызығушылық білдіруге, алға қойған міндеттерге барар қызмет тәсілдерін таңдау, алға қойған мақсатқа жету сенсорлық тәрбиені меңгеру, қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру үшін тәрбиешілер ұйымдастырылған ашық оқу қызметтерін өткізді.

Тәрбиеші Ж.Қайрлыбай «Балауса» ортаңғы тобында жаратылыстанудан «Құстарды қорғайық» тақырыбындағы, «Бәйтерек» ересектер тобының тәрбиешісі Н.Аликулова қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастырудан «5 саны мен цифрымен таныстыру» және «3 саны мен цифры» тақырыбындағы, «Балауса» ортаңғы тобының тәрбиешісі Г.Талипова «Кеңістікті бағдарлау» тақырыбындағы, тәрбиеші Л.Рысдәулет «Бәйтерек» ересектер тобында «Таным» білім беру саласы бойынша қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастырудан «Сиқырлы түстер», ашық оқу қызметтерін көрсетті. Барлығы да талапқа сай деп табылды. Ал, жас маман Момбекова Айнұр «Таным» білім саласы бойынша сенсорикадан «Төлін тауып орналастыр» тақырыбында «Ботақан» тобындағы ашық оқу қызметінде тәрбиешіге өзінің сөйлеу мәнерін дұрыстауға, дыбыс интонациясын баланы өзіне тарта алатындай өзгертуге және жеке баламен жұмыс жасай білуге, түсіндіру кезінде әдеби немесе жаттанды сөздерді қолданбай, бала түсінігіне сай сөлей білуді үйрену керек,-деген ұсыныс айтылды.

«Шығармашылық» білім беру саласы бойынша оқу жылында балалар музыка, өнер туралы білімдер негізіне қызығушылық танытып, көркем туындылар және халықтық шығармашылыққа өзінің қатынасын білдіруге мүмкіндік алды. Көркем құралдармен жеке көркем образдар жасауларына толық жағдай жасалынды.

Сазгер Н.Сыздық «Бәйтерек» ересектер тобында «Отанымның туған күні», «Музыкалық ауылға саяхат» тақырыбындағы ашық оқу қызметтерін өткізді. Тәрбиеші Қ.Оразбай «Балауса» ортаңғы тобында жапсырмалаудан «Қысқы орманға саяхат» тақырыбындағы кіріктірілген оқу қызметін өткізді. «Бәйтерек» ересектер тобының тәрбиешісі Н.Аликулова сурет салудан «Көрікті көктем» тақырыбындағы оқу қызметін өткізді.

Әр топтың сурет салу, жапсыру оқу қызметтері бойынша кестеге сәйкес орындалған жұмыстары жинақталуда.

Ақпан айының 16 жұлдызында «Достық, бейбітшілік» тақырыптарында сурет салудан топаралық байқау өткізілді. Байқау қорытындысы бойынша «Бәйтерек» ересектер тобының тәрбиеленушісі Жақсылық Айгерім, Есімғали Гүлбану, Кеңесбек Зейіндер «үздік суретшілер» деп танылды.

**«Әлеуметтік орта» білім беру саласы бойынша :**

- Қарапайым әдептілік ережелерінің негізінде қарым-қатынас пен өзара әрекетке қатысуға дайын мектепке дейінгі кіші жастағы бала тұлғасын қалыптастыру;
- Қоршаған ортада өзін-өзі дұрыс ұстау қабілеттері мен әлеуметтік мәдениет негіздерін меңгерту;
- Отаны мен отбасына сүйіспеншілік сезімін ояту және үлкендерді құрметтеуге тәрбиелеу барысында «Бәйтерек» ересектер тобының тәрбиешісі Л.Рысдәулет «Менің Қазақстаным» тақырыбында балаларға «Білім күні» туралы түсінік берді. Топтарда Президент күніне арналған «Ел тірегі-Елбасы» тақырыбында, «Бәйтерек» ересектер

тобында «Елін сүйген, елі сүйген- Елбасы» тақырыбындағы оқу-тәрбие жұмыстары жүргізілді. Балаларға тәуелсіздік туралы,оның оңайлықпен келмегені жөнінде мағлұмат беру мақсатында «Тәуелсіздік-тұғырым», «Желтоқсан жаңғырығы» тақырыбында тәрбиелік ашық оқу қызметтері өткізді. «Әлеумет» білім беру саласы бойынша «Бәйтерек» ересектер тобында өзін-өзі танудан тәрбиеші Аликулова Назира «Мейірімділік-асыл қасиет» тақырыбында,тәрбиеші Л.Рысдәулет «Алтын жүрек анамыз» тақырыбында әдеби кеш өткізді.

- Балабақшада, көшеде, қоғамдық орындарда өзін-өзі дұрыс ұстау ережелерін сақтауға үйрету барысында «Балабақшаға барар жолда», «Көліктер»,«Сақ жаяу жүргінші», «Жолда жүру ережесінің әліппесі» тақырыбында барлық топтарда әңгіме жүргізілді. Барлық топтарда бағдаршам макеті жасалынып, балаларға таныстырылды. Балаларды жақын адамдарының, құрдастарының, жануарлар мен ертегі кейіпкерлерінің жағдайларына эмоционалдық қарым-қатынас жасауға ынталандыру сияқты тәрбиелер берілді. Сонымен қатар І-кіші топта өзі туралы қарапайым түсініктерін қалыптастырылды. (менің қолым, аяғым, басым, құлағым және бетімде көзім, мұрным, ауызым бар).

Балаға қарапайым туыстық қарым-қатынастары, сүйіспеншілігі мен қандай эмоциялық сезімде болатыны туралы пікірін айтуға ынталандыру мақсатында (Менің әкем, анам, ағам, апам, атам мен әжем, тәтем, көкем бар. Олардың бәрі мені жақсы көреді және маған қамқорлық жасайды) деген сияқты тақырыптарда әңгіме өткізіліп отырды.

#### ОҚУ ЖЫЛЫНДА:

**Қызметкерлермен:** Жаңа стандарт бойынша педагогтар отбасы тәрбиесіне қойылатын жалпы талаптармен таныстырылды. Балабақшадағы ата-аналармен жұмысты жүйелі ұйымдастыруға көмектер берілді.

Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау мақсатында іс-шаралар өткізіліп, нұсқаулықтармен таныстырылды. Оның орындалуы №2 өндірістік кеңесте талқыланды.

**Қызметкерлерімен :** Жалпыға бірдей құқықтық оқудың жоспары жасалып, сол жоспарға сай жұмыстар жасалды. Атап айтар болсақ ,мына төмендегі тақырыптар бойынша баяндамалар оқылып, дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

-«Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдардың қызметін қамтамасыз ететін нормативтік-құқықтық құжаттар», «Құқық дегеніміз не?» , «Мемлекеттік органдар және баланың құқығын қорғау» тақырыптарында дөңгелек үстел ұйымдастырылып, «Балалар құқығы туралы Заңды сақтау» тақырыбы бойынша педагогтар арасында сауалнама жүргізілді.

**Балалармен :** «Конвенция қонақта» ересек топтар арасында әңгімелесулер өткізілді. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік Етаңбасын және Тудың түсін, бейнелерін сонымен қатар мемлекеттік әнұранның мәтінін түсіндіру , жатқа білгізу» өз Отанын сүйуге тәрбиелеу мақсатында ашық оқу қызметтері және әңгімелесулер өткізді.

**Ата-аналармен :** «Балалар құқығы туралы не білеміз?», «Балалар құқығы туралы Заңды сақтау» «Баланың отбасындағы құқықтары» тақырыбында баяндамалар оқылып, пікір алысулар ұйымдастырылды.

Жол- көлік жаракатын ескерту жұмыстары бойынша :

**Балалармен:** «Көшемен танысу» Мақсаты: балалардың көше, тротуар,көшедегі тәртіп туралы түсініктерін дамыту. Сол сияқты «Сақ жаяу жүргінші », «Бағдаршаммен танысу», «Рұқсат етіледі, тыйым салынады» , «Қай жерде ойнауға болады?» тақырыптарында ойындар мен әңгімелесулер өткізілді.

**Азаматтық қорғаныс іс-шаралары бойынша тәрбиешілермен , балалармен, ата-аналармен әңгімелер, кеңестер, практикалық семинарлар өткізілген.**

**Тәрбиешілермен:** «Мектепке дейінгі жастағы балаларға АҚ ұйымдастыру », «Өрт сөндіруші құралдарын пайдалана білу», «Бейбітшілік уақытта төтенше жағдайлар», «Су тасыған жағдайдағы қауіпсіздік шаралары», «Жер сілкінісіне байланысты жаттығуларды , апат жағдайындағы жаттығуларды ұйымдастыру және өткізу» т.б.

**Балалармен:** Практикалық сабақ «Жер сілкінісіне байланысты жаттығулар», «Су тасқынына байланысты жаттығулар», «Өрт,Уланған жағдайдағы жаттығулар» өткізілді.

Әңгіме: «Қасында үлкендер болмаған жағдайда өзінді қалай басқарасың? », «Отпен ойнау қауіпті»;



**Ата-аналармен :** «Жеке қорғану құралдары», «Төтенше жағдайда балабақша жерінде жиналатын орын жайлы ақпарат», «Төтенше жағдай кезіндегі іс-әрекеттер» тақырыптарында өткізілді.

## **Әдістемелік бөлмедегі жұмыстар**

Әдістемелік бөлмеде барлық топ тәрбиешілеріне айлық, апталық және технологиялық картаны қалай жасау керектігі жөнінде әдістемелік көмектер көрсетілді. Жаңа стандарт талаптарына сай жас ерекшеліктегі топтар балаларының білімін саралайтын индикатор жүйесін жасауға көмек берілді. Индикатор мен мониторингтер жылына үш рет баланың даму деңгейін яғни білім алу құзіреттілігін анықтау үшін жасалынды. Педагог мамандардың іс-әрекетінің, білімділік, білік, шеберлік деңгейлерінің мониторингі жасалынды. Бес білім саласы бойынша іс-әрекеттерге қажетті құралдарды толықтыруға кеңестер берілді.

«Таным» саласына байланысты тәрбиешілерге экологиялық сана-сезімнің негізін қалыптастыру, қоршаған әлеммен үйлесімді өмір сүру қажеттілігі туралы оқу қызметтерін ұйымдастыруға әдістемелік нұсқаулар берілді. «Қатынас» білім саласы бойынша «Тілдік танымды дамыту» жұмыстары бойынша педагогтар арасында дөңгелек үстелдер ұйымдастырылды. Педагогикалық кеңестерге дайындық жұмыстары жасалынды. Жаңадан шыққан нормативтік құжаттармен таныстырылып, талқыланады. Жас мамандарға әдістемелік көмектер көрсетіліп, тәлімгерлер бекітілген. Жыл соңында тәлімгер Ж.Қайрлыбай мен жас маман Момбекова Айнұрдың жұмыстары сараланды. Тәрбиешілер оқу жылында жаңа технологияларды оқу барысында қолданып, баланың танымдық белсенділігінің артуына ықпал ету мақсатында жұмыстар атқарды.

Педагогикалық кеңестерге дайындық жұмыстары, фестивальдер мен байқаулар, көрмелерге дайындық, дөңгелек үстелдер, бірлестік отырыстары т.б барлық жұмыстар ұйымдастырылды.

## **Оқу- тәрбие сапасын көтеру**

Педагогикалық ұжымның жұмысына әкімшілік тарапынан бақылау жасау жұмысы жоспарлы түрде жүргізіледі. Оқу жылында 4 педагогикалық кеңес жоспарланып, өз мерзімінде өткізіліп отырады. № 1 педагогикалық кеңесте 2017-2018 оқу жылының жылдық жоспары талқыланып бекітілді. Сонымен бірге оқу іс-әрекеттерінің кестелері, күн тәртібі, вариативтік оқу іс-әрекеттері талқыланып бекітілді. Аттестаттау ережесі таныстырылды.

№2 педагогикалық кеңес «Мектепке дейінгі балалардың танымдық қабілеттерін арттыру», №3 пед.кеңесте «Балабақшада балалардың дене бітімінің жан-жақты дамуына жағдайлар туғызу», № 4 пед.кеңесте «2017-2018 оқу жылының қорытындысы» яғни бір оқу жылында атқарылған оқу-тәрбие жұмыстарына есептер беріліп, сараланып, қорытынды жасалынды. Осы №4 педагогикалық кеңесінің шешімі бойынша балалардың білігі мен дағдысын қадағалау деңгейі және тәрбиеші –педагогтардың білім беру бағдарламасының мазмұнын жүзеге асыра білуі стандарт талаптарына сай екендігі анықтады. Қорыта айтқанда бір жылдық оқу -тәрбие жұмыстары стандарт талабына сай деп табылды.

Меңгеруші жанындағы және өндірістік кеңестер де дер кезінде жоспарға сай өткізіліп отырды. Педагог қызметкерлер өздерінің шығармашылық тақырыптарына сай жұмыстар атқарды. Тәжірибесі көп, үздік тәрбиешілер жас мамандарға іскерлік ойындар, пікірталастар, дөңгелек үстел, тренингтер ұйымдастырып отырды.

Олар қалдық заттардан қолөнер бұйымдарын, көрнекіліктер жасап отырады. Әдіскер тәрбиеші педагогтармен шебер сыныптар өткізді. Тренингтар ұйымдастырды.Тәжірибе алмасу мақсатында ТРИЗ технологиясының элементтері бойынша газет қиындаларынан, қалдық материалдардан көрнекі материалдар мен қолөнер бұйымдарын жасадық. Ауданда өткізілген Балбақшамыздың үздік тәрбиешісі Рысдәулет Ләйлә мен Аликулова Назира өзін өзі танудан он күндік декадада өткізді.

Осы оқу жылында «Қазақстандағы мектепке дейінгі білім берудің ғасырлық тарихи шежіресі» облыстық ғылыми – тәжірибиелік конференцияның еңбектер жинағында әдіскер Омарова Бибигүлдің «Баланы тәрбиелеудегі жанұя мен балабақшаның ынтымақтастығы» тақырыбындағы мақаласы жарияланды және «Білім айнасы» сайтында «Самалмен келген жарқын ой» тақырыбындағы мақаласы жарияланды.

«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығында «Заманауи білім беру жүйесі : идеялар, тәжірибелер, ізденістер» атты жинағында тәрбиеші Аликулова Назираның «Тәуелсіздік тұмарым- мәңгілік ел тұрағым» материалы жарияланды.

Тәрбиеші Рысдәулет Ләйлә 2017 жылдың тамыз айында «Жас маман –ел болашағы» тақырыбындағы аудандық кеңеске белсене қатысып, шығармашылық танытқаны үшін білім бөлімінің «Алғыс хатына» ие болды.

Тәрбиеші Аликулова Назира Аудандағы тамыз педагогикалық оқуындағы құнды баяндамасы мен озат педагогикалық тәжірибесі үшін, аудандық білім бөлімінің «Құрмет грамотасымен» марапатталды. Тәрбиеші Оразбай Қызсұлу және Аликулова Назира 2017 жылдың қыркүйек айында «Жасөспірімдер бойына халқымыздың салт-дәстүрлерін енгізіп, олардың эстетикалық және имандық пен адамгершілік тұрғыда тәрбие бергені үшін» аудандық кәсіподақ комитетінің «Алғыс хатымен» марапатталды.

Меңгеруші Исмайыл Қарлығаш 2017 жылдың 29 қарашасында аудандық семинарды үлгілі ұйымдастырғаны үшін аудандық білім бөлімінің «Мадақтамасымен» марапатталды.

Сонымен бірге тәрбиешілер Қалаубекова Гаухар, Аликулова Назира, Оразбай Қызсұлу «Мадақтамамен» марапатталса, тәрбиешілер Талипова Гаухар, Қайрлыбай Жеңіскүл «Алғыс хатпен» марапатталды.

Әдіскер Омарова Бибигүлдің «Қазақстандағы мектепке дейінгі білім берудің ғасырлық тарихи шежіресі» тақырыбындағы облыстық ғылыми-тәжірибелік конференцияға қатысқаны үшін сертификат берілді. Балабақшада өткізілген аудандық семинарда әдіскер Б.Омарова тәрбиеші Л.Рысдәулет, Саз жетекші Н.Сыздықтар облыстық марапатқа ие болды.

## **Мерекеліктер мен ойын-сауықтар**

Балабақшада балалармен бірге мемлекеттік, жалпыұлттық мерекелер атап өтілді. Білім күні. «Алтын күз» мерекесі балабақшада 14- қарашада мерекеленсе, 30-қарашада «Бәйтерек» ересектер тобында «Елін сүйген -Елбасы» тақырыбында ашық тәрбие сағаты өтізілді. 14 –желтоқсанда «Балауса» ортаңғы тобында Тәуелсіздік күніне орай, «Желтоқсан жаңғырығы» тақырыбында іс-шара өткізілді. 28 желтоқсанда «Келді бізге-Жаңа жыл» мерекелік іс-шарасы ұйымдастырылып өткізілді.

Жаңа Жыл, «8 Наурыз – Аналар мерекесі», Наурыз – «Көктем мерекесі», «1-мамыр – халықаралық ынтымақ пен бірлік күнін», Сонымен қатар мамыр айының 4 жұлдызында «Бәйтерек» ересектер тобында балаларды адамгершілікке баулу, күштілікке, батылдыққа және өз Отанын қорғай білуге бағытталған «Балған сұлтан» байқауы ұйымдастырылды. «9 мамыр- Жеңіс күні» және « Балаларды қорғау» күні мерекеленді .

Бақшада мерекеліктерді атап өтудің негізгі мақсаты:

- Мемлекеттік және жалпыұлттық мерекелер туралы түсініктерін кеңейту;
- Мерекелер мен ойын-сауықтарға қатысуға белсенділігін арттыру;
- Өз Отанын сүйуге, құрметтеуге, адамгершілікке баулу;
- Серуенде жүргенде мемлекеттік мерекелер қарсаңында қаланың, көшелер мен үйлердің қалай безендірілгенін бақылау жасау
- Мереке қарсаңында топ бөлмесін безендіру. Мерекеге дайындығын мадақтап, бірлесіп жасаған жұмыстары мен оның нәтижесіне қуану сезімдерін туғызып отырдық;

Мерекелік ойын-сауықтар мен кештерге қатысып, өз өнерлерін көрсетуге, өлең оқуға, ән салуға, би билеуге, ойын ойнауға, ертегі кейіпкерлерін сомдауға қатысуға талпыныстарын нығайттық.

Өз қолдарынан туысқандары мен балабақша қызметкерлеріне арнап сый-сияпаттар мен мерекелік шақыру билеттерін дайындау, ойыншықтар мен әшекей бұйымдарын жасауға талпыныстарын қалыптастырдық. Үлкендерді мерекемен құттықтауға үйретуге күш салдық.

Спорттық ойындар мен іс-шараларға (жаздық, қыстық) белсенді қатысып, түрлі жаттығуларды орындауда, спорттық жарыстарда өздерінің ептілігі мен шапшаңдығын, зеректігін танытуына мүмкіндік жасап, ынталандырдық.

Үлкендер ұйымдастырған ойын-сауық түрлеріне қызығушылығын арттыру мақсатында қуыршақ театры, музыкалық композиция, концерт, ән кештері, ертегі, телебағдарламалар мен мультфильмдер көрсетілді. Осыған сай түрлі сайыстарға, жұмбақтар шешуге, тақырыптық кештерге, ән байқауларына, театрландырылған көріністерге қатысу белсенділіктерін арттыруға тырыстық.

Балабақшаішілік «Жаңа оқу жылына үздік дайындық», бақшаішілік «Айгөлек» фестивалі

«Шебер қолдар» көрмесі, «Ең үздік суретші», байқаулары өткізілді.

Жыл мезгілдері бойынша сауықтыру- шынықтыру шаралары өз уақытында өткізіліп тұрды. Атап көрсетер болсақ, ортаңғы «Балауса» ортаңғы тобында «Дені саудың –жаны сау», «Көңілді доп», «Біз аяздан қорықпаймыз», тақырыбында сауықтыру шаралары өткізілді.

«Бәйтерек» ортаңғы тобында «Денсаулық еліне саяхат» эстафеталық жарысы,

«Қыс мереке, қыс думан», «Доптар патшалығы» ойын –сауықтары өткізілді.

«Мен спортты жақсы көрем» тақырыбында топтар арасында қазан айында эстафеталық жарыстар өткізілді.

Жолда жүру ережелері бойынша көшемен танысу, көшедегі тәртіп, жол белгілерімен таныстыру, рұқсат етілетін, тыйым салатын, қай жерде ойнауға болады, қай жерге болмайды белгілерін үйренді.

Ертеңгіліктер мен мерекеліктер де өз уақытында өткізіліп отырды. «Алтын күз» мерекесі балабақшада 14- қарашада мерекеленсе, 30-қарашада «Бәйтерек» ересектер тобында «Елін сүйген -Елбасы» тақырыбында ашық тәрбие сағаты өтізілді.

14 –желтоқсанда «Балауса» ортаңғы тобында Тәуелсіздік күніне орай, «Желтоқсан жаңғырығы» тақырыбында іс-шара өткізілді. 28 желтоқсанда «Келді бізге- Жаңа жыл» мерекелік іс-шарасы ұйымдастырылып өткізілді.

## **Мектеппен байланыс жұмыстары**

Балабақша ауылымыздағы Б.Кенжебаев атындағы орта мектеппен тығыз байланыста жұмыс істедік. Мектепте өткізілген бастауыш сыныптар мен, даярлық топтарының іс-шараларына қатысып отардық. Бізде өткізілген іс-шаралар мен ашық ұйымдастырылған оқу қызметтеріне, ертеңгіліктерімізге бастауыш сынып мұғалімдері келіп қатысып тәжірибе алмастық.

## **Ата –аналармен жұмыстар**

Жылына екі рет жалпы ата –аналар жиналысы және әр топта 4 рет топтық жиналыс өткізілді. Онда ата-аналар комитеті сайланды. Жаңа оқу жылындағы міндеттемелермен таныстырылды. Ата –аналармен келісім шарттар жасалынып, күн тәртібі ережесімен таныстырылды. Қараша және қаңтар айларында ашық есік күндері өткізілді. Ата –аналар балаларының оқу қызметтеріне қатысып, балабақшаның ішкі өмірімен танысты.

## **Әкімшілік шаруашылық жұмыстар**

Балалардың ойын және жатын бөлмелері стандарт талаптарына сай жиһаздармен жабдықталған.

Балабақшада компьютерлер, медициналық заттар, залалсыздандыру құралдары сатып алынып тұрады. Кір жуатын машиналар бар. Балалар жазда ойнап демалатын беседкалар өз дәрежесінде жасалған.

Ойын алаңдары баланың ойнауына қолайлы.

**"Балдырған" бөбекжай балабақшасы тәрбиеленушілерінің даму мониторингі  
/қорытынды/**

Облыс атауы	МДҰ барлығы	Бала саны	Төмен деңгейдегі балалардың үлесі	Орташа деңгейдегі балалардың үлесі	Жоғары деңгейдегі балалардың үлесі
			I деңгей	II деңгей	III деңгей
			Ордабасы ауданы		
	I Кіші топ	<b>25</b>	3 12%	9 36%	13 52%
	II кіші топ	<b>20</b>	1 5%	4 20%	15 75%
	ортаңғы т	<b>20</b>	1 5%	4 20%	15 75%
	ересектер тобы	<b>25</b>	1 4%	2 8%	22 88%
	<b>Барлығы:</b>	<b>90</b>	<b>6</b> 7%	<b>19</b> 21%	<b>65</b> 72%

**Тәрбиеленушілер контингенті**

2018-2019 оқу жылында тәрбиеленушілер саны 90 баланы құрады.

Балабақшада топтар төмендегідей реттелген:

1. «Балауса» I Кіші тобы-22
2. «Ботақан» II-кіші тобы-25 бала
3. «Балбөбек» ортаңғы тобы-22 бала
4. «Бәйтерек» Ересектер тобы-20 бала

**Оқу-тәрбие үрдісі 2018-2019 оқу жылында 14 педагог-мамандармен қамтамасыз етілген. Онда:**

Меңгеруші-1  
Әдіскер / Психолог -1  
Музыка жетекші-1  
Ағылшын маманы-1  
Орыс тілі маманы -1  
Тәрбиеші-9

- Жоғарғы педагогикалық біліммен – 13 **Оның ішінде:**
- Жоғарғы мектепке дейінгі біліммен -1
- Орта арнаулы мектепке дейінгі біліммен – 1

**Санаты бойынша:**

- Жоғары санатты – 4 педагог
- Бірінші біліктілік санатты – 4 педагог
- Екінші біліктілік санаты – 3 педагог
- санаты жоқ – 2 педагог
- Лайықты - 1 педагог

**Жоспарлау**  
**кезінде қолданылатын негізгі құжаттар**

№	Құжат атауы	Көрсетілген құжаттардан шығатын нұсқаулар
1	Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы.2007ж	Мектепалды даярлық.
2	<p>«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысы.</p> <p>Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. 13.05.2016 №292 қаулысына қосымша</p>	Дамытушы ортаны ұйымдастыру. Мектепке дейінгі білім беру бағдарламаларының базалық мазмұнына негізгі талаптарды белгілейді.
3	«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы №345 заңы.	Әрбір баланың жеке басының ерекшеліктерін ескеру, әрбір баланы жеке тұлға ретінде құрметтеу.
4	«МДҰ-да бала өмірін және денсаулығын қорғау» нұсқаулығы (ҚР БЖҒМ-нің 13.01.1998 жылғы №14 бұйрығы).	Бала өмірін және денсаулығын қорғау бойынша жұмысты, баланың дене бітімінің дамуын, эмоционалдық және психикалық дамуын қамтамасыз ету.
5	Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі.	Ұжымдағы өзара қарым-қатынасты реттейді. Қызметкерлердің еңбегін қорғау бойынша жұмысты қамтамасыз етеді.
6	<p>«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары» ҚР БҒМ 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығы.</p> <p>«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы» ҚР БҒМ 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығы.</p>	Баланың құзырлылығын жалпы білім беру іс-әрекетінің нәтижесі ретінде қалыптастыруға бағытталған мектепке дейін тәрбие және оқытудың базалық мазмұнын анықтайды: денсаулық сақтау, тілідік және танымдық құзіреттілік

7	Қазақстан Республикасының МДҰ-ның қызметін ұйымдастыру тәртібі.	Балабақша ұжымының іс-әрекетінің міндеттерін және оқу-тәрбие үрдісіне қатысушылардың міндеттерін анықтайды.
8	Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы № 1 Жарлығымен бекітілген.	Мектепке дейінгі сапалы тәрбие мен оқытуға тең қол жеткізуді қамтамасыз ету; Балаларды мектепке сапалы дайындауға бағдарланған мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту мазмұнын жаңарту; мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту менеджментін және даму мониторингін жетілдіру; педагогтер кәсібінің беделін және олардың сапалық құрамын арттыру;
9	Бала құқықтары туралы Конвенциясы. 08.08.2002ж. №345-ІІ.	Балаларды қоғамдағы толымды өмірге даярлау, олардың қоғамдық мәні бар және шығармашылық белсенділігін дамыту, әлемдік өркениеттің жалпы адамзатқа тән құндылықтары негізінде оларды жоғары имандылық қасиеттерге, елжандылық пен азаматтыққа тәрбиелеу.
10	Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі № 151 Заңы.	ҚР тілді қолдану негізгі заңын, осы заң белгілейді, меңгеру және дамыту, мүмкіншілік туғызу, мемлекет міндеті. Тәрбиешілерге: 1. Тіл туралы заңға байланысты мәселе - Мемлекеттік тіл- қазақ тілін дамыту. Балабақшада қазақ тілін оқыту, үйрету үдерісін жаңарту. Орыс тілінде жүргізілетін топтарда оқу-тәрбие жұмысын қазақ тілінде жүргізу. Ойын-сауық, ертеңгіліктер ұйымдастыру. 2. Елге сыйлы танымал адамдармен ,сазгерлермен кездесу ұйымдастыру, шығармаларымен таныстыру. -Қазақ тілі кабинетінің материалдық базасын көтеру.
11	Мектепке дейінгі мекемелерде балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау жөніндегі нұсқауды бекіту туралы 04.01.2000ж	- Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау және сақтау. - Ойын және шынықтыру алаңдарында баланың қауіпсіздігін қамтамасыз ету. - Балалармен серуен жасайтын орындарды алдын ала тексеру, қадағалау.
12	«Мектепке дейінгі ұйымдарға	Осы "Балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық

	<p>және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 17 наурыздағы № 615 бұйрығы</p>	<p>қағидалары (бұдан әрі – Санитариялық қағидалар) Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Кодекске сәйкес әзірленді және жобалауға, салуға, қайта жаңартуға, жөндеуге, пайдалануға беруге, сумен жабдықтауға, кәріздеуге, жылытуға, жарықтандыруға, желдетуге, микроклиматқа, күтіп-ұстауға және пайдалануға, тәрбиелеу мен оқыту, тұру жағдайларына, тамақтандыруды ұйымдастыруға, балаларға медициналық қызмет көрсетуге, сондай-ақ меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, толық, жарты күн (қысқа уақытқа), тәулік бойы болатын балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту объектілерінің барлық түрлері мен үлгілеріндегі персоналды гигиеналық тәрбиелеуге (жеке гигиенасына) қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды белгілейді.</p>
13	<p>«Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі № 306 Заңы.</p>	<p>Бала өміріне зиян келтірмейтін ойыншықтарды қарастыру</p>



### I.3. 2018 – 2019 оқу жылының мақсаттары мен міндеттемелері

к/с	Міндеттемелердің мазмұны	Мақсаттарға жету нәтижелері
1.	Танымдық-зерттеу және құрылымдық іс-әрекет арқылы тәрбиеленушілердің парасаттылық-шығармашылық және тілдік қабілеттерін дамыту	<p>-Балалардың танымдық қабілеттерін және тілін дамыту.</p> <p>-Тәрбиеші –педагог ұйымдастырылған әрбір оқу қызметінде әр жеке тұлғаның іс-әрекет белсенділігін арттыруға көңіл бөлуі ;</p> <p>- заттар мен ойыншықтарды еркін қолдану мүмкіндігін қамтамасыз ету;</p> <p>- ойын іс- әрекетінде , дене жаттығуларын орындауда , музыка ырғағымен қимыл жасау жағдайын қамтамасыз ету;</p> <p>-сөйлеу, сенорлық, танымдық, эстетикалық дамуына жағдай жасау;</p> <p>- Қоршаған ортамен таныстыру , және оған қамқорлық сезім орнату;</p> <p>*инновациялық ақпараттық –коммуникациялық технологиялар элементтерін енгізе отырып, бала дамуына ықпал ету;</p>
2.	Қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыру арқылы балалардың денсаулығын нығайту жұмыстарының тиімділігін арттыру.	<ul style="list-style-type: none"> <li>• Дене шынықтыру жаттығуларын табиғатпен үйлесе меңгеруді қалыптастыру</li> </ul> <p>*Баланың күделікті қозғалыс белсенділігін дамытып және физикалық қасиеттерін қалыптастыру.</p> <p>*Ата-аналармен балалардың денсаулығын нығайту және дамыту жолында біріккен әрекеттерді ұйымдастыруда отбасымен байланыс жұмыстарын нығайту.</p> <p>*Дене шынықтыру оқу қызметтерінде , денсаулық мерекелері мен күндерінде, спорттық кештер , спорттық жарыстар, спорттық отбасылық байқаулар арқылы денсаулықты нығайту жұмыстарын өткізу</p>

## 2.Кадрлармен жұмыс

### 2.1. «Балдырған» бөбекжай-балабақшасының педагог- қызметкерлері жайлы мәліметтер

2017-2018 оқу жылы  
қаңтар

К/с	Мұғалімнің тегі, аты, әкесінің аты	Білімі	Туылған күні, айы, жылы	Бітірген оқу орны, дипломының берілген жылы, №	Бөлімі (күндіз, сырттай)	Грант, ақылы болым	Диплом бойынша мамандығы	Жалпы еңбек өтілі	Пед.еңбек өтілі	Санаты	Аттестациядан өткен жылы	Пәні бойынша курстан өткен жылы			Сағат жүктемесі	тобы	Марапаттары	Шығармашылық тақырыбы	Жетістіктері	Мекен-жайы телефоны
												бюджеттік	Мекемелгі еңбек өтілі	ақылы						
1	Исмайыл Қарлығаш Полатқызы /меңгеруші/	Жоғары	02.02.74	Шымкент Университеті 2015 ж ЖБ-Б №0959427	сырттай	ақылы	бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі	27жыл	7,11	-		№0206482 «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы 12-23.06.17	1,2	+	1,0		Бар	«Баланы тәрбиелеудегі жанұя мен балабақшаның ынтымақтастығы»		И.Әуезов 877161971
2	Омарова Бибигул Битановна /әдіскер/	Жоғары	16.05.65	КазСХИ ЖБ 0397728 1988 ж /ақысыз/ ШУ ЖБ 0397728 2003 ж /ақысыз/	күндізгі	ақыс	Қазақ тілі мұғалімі	35жы	29,4	жоғарғы	30.06.15 Б№680 Тіркеу №1883	«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы 28.06.2014 №0103713	12	-	0,5		Бар	Жаңа инновациялық технология элементтерін оқу-тәрбие жұмысына қолданудың тиімді әдістерін қарастыру, енгізу	Аудандық «Бас жұлде» Обл.«Шығ. әдіскер» I-орын 2015 жыл	Ө. Тұрманжанов №5 870167656
3	Талипова Гаухар Жаксылыковна /тәрбиеші/	Жоғары	01.08.66	ШПИ РВ 139736 1990 ж/ақысыз/	Күндізгі	ақысыз	Тарих мұғалімі	24,1	24,1	I	27.05.14 Б.№327 Тіркеу №11 30.05.14	«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы 17.09.2016 №0194845	12,2	-	1,0	II-кші топ	Бар	Ойын түрлері арқылы Баланың шығармашығын арттыру	«2006 - Үздік тәр.» III орын Ауд.«Келіндер сайысы» III орын	Саналы е.л 870281807
4	Сыздық Нұржан Темірханұлы /сазгер/	Жоғары	01.06.76	Алматы Т.К Жүргенов ат. Ұлт.ак.ЖБ 0467357 2006 /ақылы/	сырттай	ақылы	Вокалет	23жыл	11,3	I	30.05.2013 Б№279 Тіркеу №109	05.06.10 №0018584	11,3	+	0,5		Бар	Балаларды музыкалық аспапта ойнап үйрету тәсілдері	«Құрмет грамотасы» аудан. білім бөлімі 2015ж	Ж.Бименұ №21 874769296

5	Рысдәулет Ләйлә Балтабайқызы /тәрбиеші/	Анр орта	30.10.65	Түркістан пед.уч. ЖТ №149935 1985 жыл /ақысыз/	Күндізгі	ақысыз	Меклей. тәр.			I	27.05.14 Б.№327 Тіркеу №9 30.05.14	Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы 18.06.2016 №0193722	12,2	-	1,0	Ересектер тобы	Бар	Мектепке дейінгі балалардың тілін ертегі арқылы дамыту	«2008-Үздік тәр.» III орын	С.Төлеп 877755717
6	Оразбай Қызсұлу Нармаханқызы /тәрбиеші/	Жоғары	09.03.71	Аймақтық әлеуметтік-инновациялық университеті . ЖБ-Б№0733140 2014ж	сырттай	ақылы	Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу			-		Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы 18.06.2016 №0193721	3	+	1,0	II кіші топ	-	Ойын арқылы балалардың ұсақ қол моторикасын дамыту		М.Әуезов көшесі 51 870245491
7	Бүкіл Ақмарал Төребекқызы / тәрбиеші/ /декрет/	Жоғары	03.10.80	Қазақ экономика және консалтинг университеті ЖББ № 0147501 2007ж ақылы	Сырттай	ақылы	Қазақ тілі мен әлемі			-			4	+	1,0	Ерте жас тобы	-	Оқу –тәрбие жұмыстары барысында балаларды табиғатты аялай білуге тәрбиелеу	«Таңдаулы тәрбиеші 2015» номинация	Бейбітшілік 874731658
